

Аудиторлық есеп

Тараз қаласы

2020 жылғы 25 қараша

№1 дана

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жамбыл су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (әрі қарай - *Кәсіпорын*) заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалының Тараз қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімінде 2020 жылдың 5 маусымында қайта мемлекеттік тіркеуден өткен. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 2000 жылғы 14 қыркүйек, бизнес-сәйкестендіру нөмірі 000940000190.

Кәсіпорынның есеп шоттары: қолма-қол ақшаны бақылау шоты: KZ81070KK1KS01783003, БСК KKMFKZ2A Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінде тіркелген, екінші деңгейлі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Тараз қалалық филиалында тіркелген, ЖСК: KZ666010161000058363, БСК: HSBKKKZKX және екінші деңгейлі «Сбербанк» АҚ, ЖСК: KZ2194142203KZ0004C, БСК: SABRKZKADB. Ресми сайты: www.tarazsu.kz.

Заңды тұлғаның тұрған жері: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 136 үй, байланыс телефондары: тел: 8(7262)437027, 8(7262)453537.

2. Ішкі мемлекеттік аудит түрі: тиімділік және сәйкестік аудиті.

3. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырма: Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаевтың 2020 жылғы 6 қарашадағы №33 тапсырмасы.

4. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізген: Жамбыл облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметінің бас инспектор-мемлекеттік аудитору (мемлекеттік аудит тобының басшысы) Иргебаева Роза Капышевна және бас маман-мемлекеттік аудитордың ассистенті Нұржан Байбекұлы Байдаулетов.

5. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы: Қызметтің тиімділігін бағалау және Қазақстан Республикасының заңнама нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектісінің актілерінің сақталуы мәселелері бойынша аудиторлық іс-шара жүргізілді.

6. Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2018 жылдың 1 қаңтардан бастап 2020 жылдың 30 қыркүйегін қоса алғанда.

7. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2020 жылдың 9 қарашасынан бастап 2020 жылдың 26 қарашасына дейін.

8. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды тұлғалары: Кәсіпорын директоры Марат Раимбекович Смаиловтың келісімімен және осы кәсіпорынның бас есепшісі Маржан Турсынхановна Кейкиманованың қатысуымен ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді.



Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде кәсіпорынның бірінші қол қою құқығы Марат Раимбекович Смаиловқа (ЖСН: 570322300147) және қаржы және экономика жөніндегі бас директордың орынбасары Гульмира Джумабековна Токаеваға (ЖСН: 780718402106) жүктелген, екінші қол қою құқығы бас есепші Маржан Тұрсынхановна Кейкимановаға (ЖСН:671225402295) жүктелген.

9. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің (бақылаудың) және тексерістің нәтижелері туралы мәліметтер: Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының №3 мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудиторы Ә.Е.Солтыбаевтың тарапынан кәсіпорында 01.01.2015-31.12.2017 жылдар аралығына бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың анықтығы мен дұрыстығына және жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, толықтығы мен уақытылығына сәйкестік аудиті жүргізілген.

Аудит қорытындысы бойынша, жалпы сомасы 325,8 мың теңге кәсіпорынның таза табысының тиісті бөлігі қосымша есептелінді және 3 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы (2015, 2016 және 2017 жылдарға арналған даму жоспарларында кәсіпорынның мақсаттары, міндеттері және түйінді көрсеткіштері айқындалмаған) бұзушылықтар анықталған. Аудит барысында кәсіпорынның таза табысынан төленуге тиіс сомасы 325,8 мың теңге жергілікті бюджет кірісіне төленген (2019 жылғы 18 қаңтардағы аудиторлық есеп).

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің басшысы Е.А.Алипбаевтың тарапынан кәсіпорында 01.01.2013-01.02.2019 жылдар аралығына «Тараз қаласының сумен жабдықтау және су бұру жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы барысында Қазақстан Республикасының заңнамаларының сақталуына сәйкестік аудиті жүргізілген. Аудит барысында кемшіліктер анықталмаған (2019 жылғы 29 наурыздағы аудиторлық есеп).

Кәсіпорында тиімділік аудиті жүргізілмеген.

10. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер: Кәсіпорын Тараз қалалық әкімдігінің 2020 жылғы 20 мамырдағы №1603 қаулысы негізінде қайта құру жолымен құрылған.

Кәсіпорын Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №98 қаулысына сәйкес облыстық коммуналдық мүлік деңгейінен қалалық коммуналдық мүлік деңгейіне ауысқан.

Кәсіпорын құрылтайшысы (меншік иесі) – Тараз қаласының әкімдігі, уәкілетті органы (мемлекеттік басқару органы) - Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, кәсіпорынның түрі: шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Кәсіпорынның қызметінің мәні жер асты суларын өндіру саласындағы шаруашылық қызметі жүзеге асыру, сумен жабдықтау және канализациялық ағындарды елді мекендерге бұру, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану және жөндеу болып табылады.




Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты елді мекендер мен басқа да объектілерге (әлеуметтік, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы және т.б.) ауыз суды үздіксіз беру, ағынды суларды бұру және тазарту.

Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементерін пайдалану және жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Сумен жабдықтау жүйелері бойынша:

су тарту құрылыстары, тазарту құрылыстары, су құбыры желілерін және олардағы құрылыстар (өрт гидранттарын, бекіту арматураларын және т.б.), сорғы станциялары, сарқынды суларды ағызу, сарқынды суларды жинағыштар (бар болса);

2) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ескере отырып, су тұтыну және су бұру лимиттерін айқындау, су тұтыну және су бұру жоспарлары мен есептеулерін әзірлеу;

3) ағымдағы және күрделі жөндеу, сондай-ақ қолданыстағы су құбыры және кәріз желілерін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта жаңартуға және жаңаларын салуға байланысты жұмыстарды жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу;

4) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің қолданыстағы объектілерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру;

5) су пайдаланудың барлық түрлеріне және сарқынды суларды бұруға техникалық шарттарды әзірлеу және беру, кәсіпорындар мен объектілерді салу, қайта жаңарту, кәсіпорындарды, құрылыстар мен жер асты суларының бас тоғанын орналыстыру жобаларын келісу;

6) кәсіпорынның барлық ғимараттар кешенінің, су құбыры және кәріз желілері мен құрылыстарын күрделі және ағымдағы жөндеуді, қайта жаңартуды жүзеге асыру;

7) тұтынушыларды орталық су құбыры және кәріз жүйесіне қосу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін есептеу құрылғысын орнату, жөндеу, тексеру, пломбылау;

8) сумен жабдықтау, су бұру және су үнемдеу технологияларын енгізу жүйелерінде технологиялық процестерді автоматтандыру және су есептеу қралдарының пилоттық және үлгілік жобаларын әзірлеуге қатысу;

9) кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және жеке тұлғаларға сатып алынатын суды қайта сату, қазылған шұңқырлар мен тұндырғыштардың сарқынды суларын ақылы негізде сору және шығару;

10) су жіберудің бекітілген лимиттерін және тұтынушылардың кәріздік ағындарын қабылдауды қамтамасыз ету;

11) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйіне әсер ететін, олардың мақсатына, ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, құрылыс жобаларын келісу;

12) кәсіпорынға тиесілі мүліктерді ұстау және сақталуын қамтамасыз ету және өндірістік мақсаттағы объектілерді күзету.




Кәсіпорын Жарғыда бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі жерасты суларын шығаруға арналған 2001 жылғы 30 қарашадағы № 814 келісім-шарт (контракт) берген және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат 2009 жылғы 28 мамырдағы №005853 Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі берген.

№KZ94VTE00015572, Сериясы: №Шу-Т/694-Т-Р арнайы су пайдалану рұқсаты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы 29 мамыр 2020 жылы берген.

№20001019 екінші санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына мемлекеттік лицензияны Жамбыл облысы әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы 2020 жылы 20 қаңтарда берген, алғашқы берілген күні 2016 жылғы 29 желтоқсан.

ГСЛ №000118 жоба қызметі 3 санат мемлекеттік лицензиясы.

Кәсіпорын табиғи монополия субъектісі болып табылады. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агентігінің Жамбыл облысы бойынша басқармасының 2007 жылғы 17 сәуірдегі №30-НҚ бұйрығы негізінде табиғи монополия субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне жергілікті бөліміне суды тарату желілер арқылы беру және сарқынды суларды бұру қызметтері бойынша енгізілген.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 134-бабының, 2-тармағы, 5-тармақшасына сәйкес жүзеге асырады.

1. Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар және қызметін бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы

Сумен жабдықтаудың құрамына суық суды шығаруға, залалсыздандыруға және тасымалдауға арналған келесі жабдықтардың кешені кіреді:

- жобалық қуаты 64,0 мың м³ / тәулік болатын Жалпақ-Төбе ауылының №1 бас су қабылдағышы 21 арт-құдықтан (артскважина) тұрады;
- жобалық қуаты 111 мың м³ / тәулік болатын Құмшағал станциясы маңындағы қаланың оңтүстік-батыс бөлігіндегі №3 су қабылдағышы 29 артиллериялық ұңғымадан тұрады;
- 97 қалалық артезиан ұңғымалары;
- II-і көтергіш 4 сорғы станциялары;
- 11 дана сыйымдылығы 1000-6000 м³ көлеміндегі таза су резервуарының паркі;
- «Хлор 2001» натрий гипохлоритін өндіруге арналған 2 қондырғы;
- 648,8 км су құбырлары оның ішіндегі: магистральдық су құбырлары – 86,34 км, тарату желісі - 367,99 км, кварталішілік желі - 194,448 км;

Сумен жабдықтау желісі жабдықталған:




- 7983 ысырмалармен (клапандармен);
- өрт гидранттары - 3567 дана;
- су құдықтары-7914 дана;
- су бағаналары - 49 дана.

Су бұру жүйелеріне кіреді:

- 197,07 га сүзгілеу алқабы;
- 294,15 км км кәріз желілері оның ішінде коллекторлар - 50,21 км, көше желісі – 98,7 км, кварталішілік желі – 144,17 км;
- 4 кәріздік сорғы станциясы;
- кәріз құдықтары – 8142 дана.

Бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 шілдедегі №470 «Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысының сумен жабдықтау және су бұру жүйелері саласы бойынша **міндеті** - Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту (реконструкциялау және салу). Бұл міндетке қол жеткізу **тікелей нәтижелердің** мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болған: «Сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуы» 2018 жылы жоспар: республикалық – 57%, облыстық- 57%, кәсіпорын бойынша нақты орындалуы - 71,0% .

2019 жылы жоспар республикалық – 57%, облыстық- 57%, кәсіпорын бойынша нақты орындалуы -71,0% . **1-Тармақ.** 2018, 2019 жылдарда «Сумен жабдықтау, су бұру желілерінің тозуы» көрсеткіші орындалмаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысының сумен жабдықтау және су бұру жүйелері саласы бойынша міндеті - Тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту. Бағдарламаның 2-ші міндеті - Халықты сапалы ауызсумен және су бұру қызметтерімен ұтымды қамтамасыз ету. Мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізу жоспарланған:

-Халықтың сумен жабдықтау қызметіне қол жетімділігі қалада 2020 жылдың жоспары республика бойынша-97,5%, облыстық – 88,0%, 2020 жылғы 1 қаңтарға Тараз қалаласы бойынша – 89,1%

2020 жылғы 1 қаңтарға облыс бойынша орталықтандырылған су жабдықтаумен қамтамасыз ету 88,0% құрайды, оның ішінде Тараз қаласы — 357795 адамның 89,1% - ы қамтылды.

- сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуының төмендеуі 2020 жылдың жоспары республика бойынша - 55,0%, облыстық -55,0%.

2020 жылғы 1 қаңтарға Тараз қаласы бойынша —71% орындалған.

Тарифтік саясатты орындау

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын




қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің келісімімен «Тараз су» МКК-ның 2018 жылдың 12 қаңтардағы №6-НҚ бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап суды таратушы желілер арқылы беру «Тараз су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметінің тарифтері және тарифтік сметалары 2018 жылға 1 ақпанан бастап суды таратушы желілер арқылы қызметіне арналған орташа-босату тарифі 1 м3 үшін ҚҚС есебінсіз **76,64 теңге** мөлшерінде, оның ішінде:

- тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 48,89 теңге, есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 117,77 теңге,
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 141,18 теңге,
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 53,11 теңге,
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 117,77 теңге бекітілген;

2018 жылғы 1 маусымынан бастап 2019 жылдың 1 маусымына дейін орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **81,99 теңге**, оның ішінде:

- тұрғындарға тариф 1 текше метр үшін – 52,3 теңге, есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 126,0 теңге,
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 текше метр үшін ҚҚС-сыз – 151,03 теңге,
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 текше метр үшін ҚҚС-сыз – 56,83 теңге,
- басқа тұтынушыларға тариф 1 текше метр үшін ҚҚС-сыз – 136,33 теңге мөлшерінде бекітілген.

Кәсіпорын «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы заңды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2018 жылы 29 маусымдағы №106-НҚ бұйрығына сәйкес 2018 жылға 1 тамызынан бастап 2019 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімге суды таратушы желілер арқылы қызметінің уақытша өтемдік тарифі енгізілген:

орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **76,96 теңге** (5,03 теңгеге төмендеген), оның ішінде:

-тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 49,09 теңге (3,21 теңгеге төмендеген), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 118,27 теңге (7,73 теңгеге төмендеген),

- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 141,77 теңге (9,26 теңгеге төмендеген),
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 53,34 теңге (3,49 теңгеге төмендеген),
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 118,27 теңге (18,06 теңгеге төмендеген) бекітілген.

Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың




құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2018 жылы 24 тамыздағы №132-НҚ бұйрығына сәйкес:

1. 2018 жылға 1 қазанынан бастап 2019 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімге суды таратушы желілер арқылы қызметінің уақытша өтемдік тарифі енгізілген:

орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **64,01 теңге** (12,95 теңгеге төмендеген), оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 49,09 теңге (8,26 теңгеге төмендеген), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 98,37 теңге (19,9 теңгеге төмендеген),

- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 141,77 теңге (23,86 теңгеге төмендеген),

- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 44,37 теңге (8,97 теңгеге төмендеген),

- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 98,33 теңге (19,94 теңгеге төмендеген) бекітілген.

2. 2018 жылға 1 қазанынан бастап 2020 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімге сарқынды суларды бұру қызметтеріне арналған **орташа босату тарифі** ҚҚС-сыз 1 м3 үшін – 25,42 теңге оның ішінде:

- тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 16,35 теңге,

- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 25,81 теңге (23,86 теңгеге өскен),

- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 16,35 теңге (8,97 теңгеге өскен),

- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 70,34 теңге (өскен) бекітілген.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің келісімімен (2019 жылы 25 қаңтардағы №02-02-11/109 шығыс хаты) «Тараз су» МКК-ның 2019 жылдың 9 қаңтардағы №1-В бұйрығына сәйкес 2019 жылғы 1 ақпанынан бастап суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің тарифтері және тарифтік сметалары енгізілген.

1) 2019 жылы 1 ақпаннан орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **63,51 теңге** (0,5 теңгеге төмендеген), оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 40,51 теңге (8,58 теңгеге төмендеген), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 97,6 теңге (20,67 теңгеге төмендеген),

- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 117,0 теңге (24,77 теңгеге төмендеген),

- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 44,03 теңге (9,31 теңгеге төмендеген),

- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 97,60 теңге (20,67 теңгеге төмендеген) бекітілген.




2) 2019 жылғы 1 маусымынан бастап 2020 жылдың 1 маусымына дейін орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **81,45 теңге** (17,94 теңгеге өсті) мөлшерінде, оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 51,96 теңге (11,45 теңгеге өсті), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 126,15 теңге (28,55 теңгеге өсті),
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 150,03 теңге (33,03 теңгеге өсті),
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 56,45 теңге (12,42 теңгеге өсті),
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 125,16 теңге (28,55 теңгеге өсті) бекітілген.

3) 2020 жылғы 1 маусымынан бастап 2021 жылдың 1 маусымына дейін орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **81,01** (0,44 теңгеге төмендеді) мөлшерінде, оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 51,68 теңге (0,28 теңгеге төмендеді), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 124,49 теңге (1,66 теңгеге төмендеді),
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 149,23 теңге (0,8 теңгеге төмендеді),
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 56,15 теңге (0,3 теңгеге төмендеді),
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 124,49 теңге (1,66 теңгеге төмендеді) бекітілген.

2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 15) тармақшасына және 33-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2019 жылы 24 шілдегі №60-НҚ бұйрығына сәйкес:

2019 жылың 1 қыркүйегінен бастап 2020 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімге қолданысқа енгізілді:

1) суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің **уақытша өтемдік тарифі** ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **80,37 теңге** (1,08 теңгеге төмендеді) мөлшерінде, оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 51,27 теңге (0,69 теңгеге төмендеді), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 123,50 теңге (2,65 теңгеге төмендеді),
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 148,04 теңге (1,99 теңгеге төмендеді),
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 55,70 теңге (0,75 теңгеге төмендеді),
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 123,50 теңге (1,66 теңгеге төмендеді) бекітілген.




Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2019 жылы 24 шілдегі №60-НҚ бұйрығына сәйкес және Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Б.С.Орынбековтың жиналыс хаттамасына, кәсіпорынның 2019 жылы 13 тамыздағы №90-В бұйрығына сәйкес 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді:

1) суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің **орташа-босату тарифі** ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **74,01 теңге** (6,36 теңгеге төмендеді) мөлшерінде, оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 40,51 теңге (10,26 теңгеге төмендеді), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 97,6 теңге (25,9 теңгеге төмендеді),
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 148,04 теңге (өзгеріссіз),
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 55,70 теңге (өзгеріссіз),
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 123,50 теңге (өзгеріссіз) бекітілген.

2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабы, 1-тармақшасына қайшы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің келісімінсіз кәсіпорын өзінің 2020 жылдың 28 маусымдағы №104-В бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің тарифтерін өзгерткен.

1) суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің **орташа-босату тарифі** ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **70,42 теңге** (3,59 теңгеге төмендеді) мөлшерінде, оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 40,51 теңге (өзгеріссіз), есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 97,6 теңге (өзгеріссіз),
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 149,23 (1,19 теңгеге өсті),
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 56,15 теңге (0,45 теңгеге өсті),
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 124,49 теңге (0,45 теңгеге өсті) бекітілген.

2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 15) тармақшасына және 33-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» 220-тармағының 3), 4) тармақшаларына және 230-тармағына, Тараз қаласы прокуратурасының 2020




жылғы 13 тамыздағы №2-07-20-05835 Зағдылықты бұзушылықты жою туралы ұсынуына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2020 жылы 11 қыркүйектегі №63-НҚ бұйрығына сәйкес:

-2020 жылдың 1 қазанынан бастап 2021 жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімге **уақытша өтемдік тарифі** қолданысқа енгізілді:

1) суды таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне орташа-босату тарифі ҚҚС-сыз 1 текше метр үшін – **79,00 теңге**,оның ішінде:

- есептеу аспаптары бар тұрғындарға 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 50,40 теңге, есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 121,40 теңге,
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 145,52 теңге ,
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 54,75 теңге,
- басқа тұтынушыларға тариф 1 м3 үшін ҚҚС-сыз – 121,40 теңге бекітілген.

2019 жылдың ақпан айынан бастап кәсіпорынның бұйрығына сәйкес суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің тарифы есепке алу аспаптары бар тұрғындарға - 40,51 теңге (Өкілетті органмен бекітілген 51,68 теңге) және есепке алу аспаптары жоқ тұрғындарға - 97,60 теңге (Өкілетті органмен бекітілген 124,49 теңге) төмендетілген тарифпен қызмет көрсетуде, барлығы 26,5% кем төленуде.

Суды таратушы желілер арқылы беру қызметтерінің тарифы

Атауы	Өкілетті органмен бекітілген	Қолданыстағы тариф
Орташа-босату тарифы	81,01	74,42
Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		
Есептеу аспаптары бар тұрғындарға	51,68	40,51
Есептеу аспаптары жоқ тұрғындарға	124,49	97,6
Жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға	56,15	56,15
Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге	149,23	149,23
Басқа тұтынушыларға	124,49	124,49




Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың 29 маусымындағы №36-НҚ бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 1 тамызынан бастап сарқынды суды бұру қызметтеріне жаңа тариф бекітілді. Орташа-босату тарифі 1 м³ ҚҚС есебінсіз – 24,90 теңгені құрады. Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

- тұрғындарға 1 м³ үшін ҚҚС-сыз -13,89 теңге,
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындарға 1 м³ үшін ҚҚС-сыз – 38,97 теңге,
- бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерге 1 м³ үшін ҚҚС-сыз – 26,02 теңге,
- Басқа тұтынушыларға 1 м³ үшін ҚҚС-сыз – 61,74 теңге.

Тараз қаласындағы су мен кәрізге тарифтер республикадағы ең төмен тариф болып табылады.

Инвестициялық бағдарламаны орындау

2017-2021 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама мыналарды қамтиды: негізгі құралдарды (механикалық және электр жабдықтары, зертханалық жабдықтар, арматуралар, сорғы жабдықтары және арнайы жабдықтар) жаңғырту және ауыстыру, сумен жабдықтау және су бұру желілері мен құрылыстарын қалпына келтіру және қайта құру, жобалау-барлау жұмыстары, сорғы станцияларын қайта құру станциялар және процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу.

Ұсынылған құжаттардың негізінде кәсіпорын сумен жабдықтау жөніндегі қызметтерге 2018 жылға меншікті қаражат есебінен түзетілген инвестициялық бағдарламасы 316 722,0 мың теңге сомасында бекітілген, нақты 168 329,8 мың теңге (53%) орындалған, оның ішінде: механикалық және электр жабдықтарын жаңарту және модернизация үшін – 35 283,2 (100%) мың теңге орындалды (8 дана қақпақ клапандары ауыстырылды диаметрі 500 мм - 6 дана, диаметрі 400 мм - 1 дана, диаметрі 300 мм – 1 дана; бактерицидті қондырғылардың 4 жиынтығы орнатылды, су айдайтын 5 сорғы сатып алынды), сумен жабдықтау желілерін қалпына келтіру және қайта құру үшін –133 046,68 (53%) мың теңге орындалды (5,71 км болатын 20 нысанда диаметрі 100-ден 600 мм-ге дейінгі су желілерін қалпына келтіру, қайта құру және ауыстыру бойынша шаралар қабылданды).

Сумен жабдықтау жөніндегі қызметтерге 2019 жылға түзетілген инвестициялық бағдарламасы 239 141,6 мың теңге сомасында бекітілген, нақты 216 546,2 мың теңге (90,5%) орындалған, оның ішінде: механикалық және электр жабдықтарын жаңарту және модернизация үшін –7 331,6 мың теңге (100%) орындалды (8 дана қақпақ клапандары ауыстырылды диаметрі 500 мм - 6 дана, диаметрі 300 мм - 3 дана, сатып алынды), сумен жабдықтау желілерін қалпына келтіру және қайта құру үшін –209 214,5 мың теңге (98,4%) орындалды (қаланың 29 нысандарында диаметрі 100-ден 600 мм-ге дейінгі




7035,2 п.м. су құбырларын қалпына келтіру, қайта құру және ауыстыру бойынша шаралар қабылданды).

2018 жылы кәріз қызметтері үшін меншікті қаражат есебінен түзетілген инвестициялық бағдарламасы 30 745,8 мың теңгені сомасында бекітілген, нақты 100% орындалған, оның ішінде: Барбюс, Лазарев, Пушкин көшелерінің бойында Коса батырдан Сакиев көшесіне дейінгі ұзындығы 846 сызықтық метрді құрайтын кәріз жүйесін қайта құруға жіберілген.

2019 жылы кәріз қызметтері үшін меншікті қаражат есебінен түзетілген инвестициялық бағдарламасы 32 542,2 мың теңгені сомасында бекітілген, нақты 100% орындалған, оның ішінде: Барбюс, Лазарев, Пушкин көшелерінің бойында Коса батырдан Сакиев көшесіне дейінгі ұзындығы 846 сызықтық метрді құрайтын кәріз жүйесін қайта құруға жіберілген.

Сумен жабдықтау қызметтерінің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері.

Судың сапасы барлық жағынан санитарлық стандарттардың талаптарына сәйкес келеді. Судың сапасын бақылау процесін кәсіпорынның базалық зертханасы жүзеге асырады. Тәулік ішінде су оның қозғалысының барлық кезеңдерінде сумен жабдықтау көздерінен тұтынушыға дейін тексеріледі. Ол үшін су алу орындарында, су тазарту қондырғыларында тазарту кезеңдері мен бүкіл қала бойынша сумен жабдықтау желілерінде орналасқан бақылау пункттері бойынша судың сапасы бақыланады.

2018 жылы суды тазартудың әртүрлі кезеңдерінде 2949 сынама микробиологиялық және химиялық көрсеткіштерге зерттелді, бұл жылына 27 577 талдаудан асады. Химиялық талдаулардан артығы табылған жоқ, бактериологиялық талдаулар бойынша 1 жағдай анықталды, бұл 0,03% құрайды.

2019 жылы суды тазартудың әртүрлі кезеңдерінде 3293 сынама микробиологиялық және химиялық көрсеткіштерге зерттелді, бұл жылына 31277 талдаудан асады. Судың химиялық құрамынан асып кетуінің 12 жағдайы тіркелді, бактериологиялық талдаулар бойынша 11 жағдай анықталды, бұл 0,7% құрайды.

2020 жылы 9 ай ішінде суды тазартудың әртүрлі кезеңдерінде 2174 сынама микробиологиялық және химиялық көрсеткіштерге зерттелді, бұл 21151 талдаудан асады. Судың химиялық құрамынан асып кетуінің 6 жағдайы тіркелді, бактериологиялық талдаулар бойынша 2 жағдай анықталды, бұл 0,3% құрайды.

Суды залалсыздандыру процесінде сұйық хлор қолданылмайды, оның орнына кәсіпорын натрий гипохлоридті қолданады, себебі ол қауіпсіз және улы емес.

Кәріздік қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері.

Тараз қаласының барлық ағынды суы толық биологиялық тазартудан өтеді. Ағынды суларды тазарту сапасын кәсіпорынның зертханасы бақылайды.

Ағынды суларды талдау барлық кезеңдерінде химиялық және бактериологиялық көрсеткіштер бойынша күнделікті жүргізіледі. Су




қоймаларындағы және су қоймаларындағы тазартылған ағынды сулардың мониторингі тоқсан сайын жүзеге асырылады.

2018 жылы ағынды суларды талдау үшін 797 сынама микробиологиялық және химиялық көрсеткіштерге зерттелді, жылына 7466 талдау жасалды. 2019 жылы 511 сынама микробиологиялық және химиялық көрсеткіштерге зерттелді, жылына 3998 талдау жасалды. 2020 жылы 9 ай ішінде 295 сынама микробиологиялық және химиялық көрсеткіштерге зерттелді, жылына 2688 талдау жасалды.

Ақшалай қаражаттардың есептелуі мен түсуін талдау

Кәсіпорынның

Кәсіпорынның ағымдағы шығындары жабатын және пайда болатын негізгі табыс көзі:

өнімді сатудан түсетін түсімдер.

01.01.2019 жылға абоненттердің жалпы саны – 96 631, оның ішінде тұрғындар – 92 083, заңды тұлғалар – 4 568.

01.01.2020 жылға абоненттердің жалпы саны – 98 504, оның ішінде тұрғындар – 93 766, заңды тұлғалар – 47 387.

01.10.2020 жылға абоненттердің жалпы саны 100 721 құрайды, оның ішінде тұрғындар – 95 831, заңды тұлғалар – 4 890.

2018 жылмен салыстырғанда өсімі 4 090 немесе 4,2% құрайды, оның ішінде заңды тұлғалар бойынша 342 немесе 7,5%, жеке тұлғалар бойынша 3 748 абонент немесе 4%.

Абоненттердің төлем қабілеттілігі:

- тұрғындар - төлем қабілеттілігі 96%. Тұтынушылардың бұл тобы әр түрлі деңгейдегі қоғамның экономикалық жағдайын ескере отырып, көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтері үшін уақытылы және толық көлемде төлемейді. Көп пәтерлі тұрғын үйлердегі сумен жабдықтау және су бұру желілері құрылымдарының ерекшеліктеріне байланысты жеке тұтынушыларды сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің өшіру мүмкін емес.

- жылу энергиясын өндірумен, таратумен және таратумен айналысатын кәсіпорындар - 100%. Тұтынушылардың бұл тобы неғұрлым тұрақты төлем қабілеттілігіне ие, өйткені дебиторлық берешекті азайту үшін қабылданған шаралар, мысалы, суды тоқтату, сотқа дейінгі жадынамалар, хабарламалар, телефон хабарламалары және басқалары - тиімді және әрекетті.

- барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдар - 100%;

- басқа кәсіпорындар мен ұйымдар - 97%.

2018 жылда барлығы 1 895 605,0 мың теңге есептелді, оның **1 886 954,2** мың теңгесі кәсіпорынға түскені:

- тұрғындар - 728 155,1 мың теңге ;

- заңды тұлғалар – 1 158 799,2 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан – 531 702,1 мың теңге;

- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 280 368,5 мың теңге;

- басқалары- 346 728,6 мың теңге.




2019 жылда барлығы 1 827 880,9 мың теңге есептелді, оның **1 856 817,4** мың теңгесі кәсіпорынға түскені:

- тұрғындар - 727 510,3 мың теңге ;
- заңды тұлғалар – 1 129 307,1 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан – 522 250,4 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 251 067,7 мың теңге;
- басқалары- 355 989,1 мың теңге

2020 жылдың 9 айында барлығы 1 341 194,0 мың теңге есептелді, оның **1 289 441,0** мың теңгесі кәсіпорынға түскені:

- тұрғындар - 562 606,2 мың теңге ;
- заңды тұлғалар – 726 834,8 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан – 298 132,2 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 205 565,8 мың теңге;
- басқалары- 223 136,8 мың теңге.

Сатылған өнімнің өзіндік құнының құрылымы

Суды тұтыну және кәріз көлемінің шығындары қажетті материалдарға, электр энергиясына, жалақыға жоспарланған, осы көлемдік көрсеткіштерге сәйкес қызметтердің құны, сондай-ақ қаржылық мәндегі кірістер мен шығыстардың мөлшері есептеледі.

2018 жылы сатылған өнімнің өзіндік құны **1 753 452,0 мың теңге** құраған, құрылымына келесі шығындар кіреді:

-қорлар (химиялық реактивтер, шығын материалдары, жанар-жағармай, қосалқы бөлшектер, кеңсе тауарлары, тұрмыстық тауарлар, тауарлық-материалдық құндылықтар, арнайы киім, және т.б.) - 434 563,0 мың теңге (24,8%);

-қызметкерлерге еңбекақы төлеу - 619 548,0 мың теңге (35,3%);
 - салықтар мен әлеуметтік аударымдар – 119 772,0 мың теңге (6,8 %);
 - негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы - 254 614,0 мың теңге (14,5%);

-электр және жылу энергиясы - 251 105,0 мың теңге (14,5%);

- басқа шығындар - 73 850,0 мың теңге (6,8 %);

2019 жылы сатылған өнімнің өзіндік құны **2 040 569,0 мың теңге** құраған, құрылымына келесі шығындар кіреді:

-қорлар (химиялық реактивтер, шығын материалдары, жанар-жағармай, қосалқы бөлшектер, кеңсе тауарлары, тұрмыстық тауарлар, тауарлық-материалдық құндылықтар, арнайы киім, және т.б.) - 548 151,0 мың теңге (26,8%);

-қызметкерлерге еңбекақы төлеу - 630 667,0 мың теңге (30,9%);

- негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы - 425 482,9 мың теңге (20,8%);

-электр және жылу энергиясы – 209 655,0 мың теңге (10,3%);

-көлік қызметі – 9 490,8 мың теңге (0,5%);

-салықтар мен әлеуметтік аударымдар – 129 288,1 мың теңге (6,3%);




-басқа шығындар - 87 834,2 мың теңге (4,3%).

2020 жылы 9 айы ішінде сатылған өнімнің өзіндік құны **1 309 253,0** мың теңге құраған, құрылымына келесі шығындар кіреді:

-қорлар (химиялық реактивтер, шығын материалдары, жанар-жағармай, қосалқы бөлшектер, кеңсе тауарлары, тұрмыстық тауарлар, тауарлық-материалдық құндылықтар, арнайы киім, және т.б.) – 110 783,7 мың теңге (10,3%);

-қызметкерлерге еңбекақы төлеу - 445 173,2 мың теңге (34%);

-негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тозуы - 454 460,6 мың теңге (34,7%);

-электр және жылу энергиясы – 140 343,4 мың теңге (10,7%);

-салықтар мен әлеуметтік аударымдар - 106 865,6 мың теңге (8,16%);

-басқа шығындар - 51 626,5 мың теңге (8,16%).

Сатылған өнімнің өзіндік құнының құрылымындағы негізгі үлесі: еңбек шығындары (40%), материалдық шығындар (30%), амортизация (20%), салықтар (9%), басқа шығындар (6%) алады. Сумен жабдықтау және су бұру нысандарын пайдалануда өзіндік құнын төмендетудің нақты мүмкіндіктері өте аз екендігін ескеру қажет, бұл қатаң түрде қалыпқа келтірілген шығындар баптарының үлкен үлесімен байланысты.

Дебиторлық және кредиторлық берешектер

Дебиторлық берешек

01.01.2019 жылға дебиторлық берешек – **145 936,0** мың теңге, оның ішінде:

- тұрғындар - 77 173,0 мың теңге
- заңды тұлғалар – 9 745,5 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан – 6 611,8 мың теңге
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 8 814,2 мың теңге;
- басқалары- 34 250,0 мың теңге;
- өнім берушілерге(жеткізушілер мен мердігерлер) – 9 862,6 мың теңге;
- салықтар бойынша – 11 884,0 мың теңге;
- өзге төлемдер бойынша – 14 237,7 мың теңге;
- қысқа мерзімді қарыз бойынша құнсызданудан болған шығындар бойынша резерв – (-20 029,0) мың теңге;

01.01.2020 жылға дебиторлық берешек – **127 209,0** мың теңге, оның ішінде:

- тұрғындар - 75 552,2 мың теңге
- заңды тұлғалар – 10 452,0 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан 9 158,8 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 4 200,8 мың теңге;
- басқалары- 34 640,7 мың теңге
- өнім берушілерге(жеткізушілер мен мердігерлер) – 9 790,2 мың теңге
- өзге төлемдер бойынша – 8 918,1 мың теңге




- қысқа мерзімді қарыз бойынша құнсызданудан болған шығындар бойынша резерв – (-16 345,0) мың теңге

01.10.2020 жылға дебиторлық берешек – **223 708,0** мың теңге, оның ішінде:

- тұрғындар - 99 082,7 мың теңге
- заңды тұлғалар – 48 606,5 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан 39 808,8 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 4 586,6 мың теңге;
- басқалары- 41 011,7 мың теңге
- өнім берушілерге (жеткізушілер мен мердігерлер) – 40 952,4 мың теңге
- өзге төлемдер бойынша – 5 813,1 мың теңге
- қысқа мерзімді қарыз бойынша құнсызданудан болған шығындар бойынша резерв – (-16 345,0) мың теңге

Кредиторлық берешек

01.01.2019 жылға кредиторлық берешек – **678 817,0** мың теңге, оның ішінде:

- тұрғындар - 33 443,0 мың теңге
- заңды тұлғалар – 12 876,0 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан 12 189,0 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 473,0 мың теңге;
- басқалары- 2 751,0 мың теңге
- өнім берушілерге(жеткізушілер мен мердігерлер) – 493 191,0 мың теңге
- қысқа мерзімді жалақы бойынша берешек (ағымдағы айдын) – 50 104,0 мың теңге
- салықтар бойынша – 52 130,0 мың теңге
- өзге төлемдер бойынша – 33 849,0 мың теңге

01.01.2020 жылға кредиторлық берешек – **785 150,4** мың теңге, оның ішінде:

- тұрғындар - 46 543,4 мың теңге
- заңды тұлғалар – 19 461,8 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан 12 189,0 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 187,1 мың теңге;
- басқалары- 3 326,4 мың теңге
- өнім берушілерге(жеткізушілер мен мердігерлер) – 542 696,7 мың теңге
- қысқа мерзімді жалақы бойынша берешек (ағымдағы айдын) – 60 268,5 мың теңге
- салықтар бойынша – 68 819,3 мың теңге
- басқа қысқа мерзімді кредиторлық берешек– 43 847,2 мың теңге.

01.10.2020 жылға кредиторлық берешек – **815 137,1** мың теңге, оның ішінде:

- тұрғындар - 73 585,1 мың теңге




- заңды тұлғалар – 8 416,3 мың теңге, оның ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардан 8 053,6 мың теңге;
- жылу энергетикасы саласындағы коммуналдық кәсіпорындардан – 170,3 мың теңге;
- басқалары- 3 350,5 мың теңге
- өнім берушілерге (жеткізушілер мен мердігерлер) – 516 704,0 мың теңге
- қысқа мерзімді жалақы бойынша берешек (ағымдағы айдын) – 52 147,0 мың теңге
- салықтар бойынша – 107 505,2 мың теңге
- басқа қысқа мерзімді кредиторлық берешек– 43 847,2 мың теңге.

Кәсіпорында кредиторлық берешектің жылдан жылға өсу тенденциясы байқалады, сондықтан егер 2018 жылдың соңында кредиторлық қарыз 678 817,0 мың теңгені құраса, 2019 жылдың соңында ол 785 150,4 теңгені құрады, 2020 жылдың 9 айында 815 137,1 мың теңге құрады. Ал дебиторлық берешек керісінше 2018 жылдың соңында 145 936,0 мың теңгені құраса, 2019 жылдың соңында ол 127 209,0 теңгені құрады, 2020 жылдың 9 айында 223 709,0 мың теңге құрады. Кредиторлық қарыз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кәсіпорын қосымша қаражат тартуы керек екендігін көрсетеді, өйткені суды тұтыну және сарқынды суды бұру қызметі үшін түріндегі дебиторлық берешек жеткіліксіз. Кәсіпорында жалақы бойынша міндеттемелерді, бюджетке төлемдерді уақытысында төлемеу қаупі бар, сондай-ақ жеткізушілердің сотқа қарызды өндіру туралы жүгіну қаупі бар.

Өндірістік-қаржылық қызметтің нәтижелері

Аудитпен қамтылған кезеңде өндірістік-қаржылық қызметтің нәтижелері бойынша кәсіпорынның шығындары жылдан жылға өсуіне байланысты 2018 жылда зиян 3 96,21 мың теңгені құрады, 2019 жылы 715,65 мың теңгені, 2020 жылдың 9 ай ішінде 1 000,1 мың теңгені құрады.

2018 жылы шығын – (-396,217)

2019 жылы шығын – (-715,650)

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасында байланыс жоқ, өндірістік-техникалық жұмыстарды жоспарлау мен жүзеге асыру даму жоспары мен талдаумен байланысты емес.

Бағдарлама «Мемлекеттік кәсіпорын қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстар және қызметін бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы» мәселесі тексерілді.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің, даму жоспарларының орындалу нәтижелері.

Кәсіпорын 2018, 2019, 2020 жылдарға арналған даму жоспарларын әзірлеу, құрылымы, нысандары, көрсеткіштер тізілімі Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 28.02.2012 жылғы №52 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.03.2012 жылғы №140 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының




құрылымын, нысандарын, көрсеткіштер тізілімін бекіту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» Бірлескен бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» №249 бұйрығы (*бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.02.2019 № 14*) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 14.02.2019 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №14 бұйрығы негізінде жасалған. **2-Тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы "Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларын бекіту туралы" № 249 бұйрығының 2-Тарау 7-тармақ, 2-тармақшасы сақталынбаған. Атап айтқанда, уәкілетті органның (Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі) тарапынан 2018 жылдағы Даму жоспарында мақсаттарына қол жеткізуге және міндеттерді орындауға түйінді көрсеткіштердің тікелей нәтижелері мен түпкілікті нәтижелері, сондай-ақ түйінді көрсеткіштердің сапа көрсеткіштері мен тиімділік көрсеткіштері айқындалмаған (*түсініктеме, 2018 жылдың 249 нысанының үзінді қосымшалары қосымшада тіркеледі*). **3-Тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес даму жоспары – ұйымның бес жылдық кезеңге арналған қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат болып табылады, алайда кәсіпорынға уәкілетті органның (Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі) тарапынан 2019 жылдағы Даму жоспарында қызметінің мақсаттары, міндеттері айқындалмаған (*түсініктеме, 2019 жылдың 249 нысанының үзінді қосымшалары қосымшада тіркеледі*).

Кәсіпорын 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарларының орындалу жөніндегі есептердің құрылымы, нысандары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.03.2015 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және




мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №248 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 14.02.2019 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №14 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 28.02.2012 жылғы №52 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.03.2012 жылғы №140 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының құрылымын, нысандарын, көрсеткіштер тізілімін бекіту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» Бірлескен бұйрығы, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 28.02.2012 жылғы №53 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.03.2012 жылғы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын іске асыру жөніндегі есептің құрылымын, нысандарын, көрсеткіштер тізілімін бекіту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» №141 Бірлескен бұйрықтары талаптарына сәйкес жасалған.

Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға арналған қаржы-шаруашылық қызметінің даму жоспарының (2018 ж., 2019 ж.) бойынша электронды есептері бірыңғай есептілік тапсыру жүйесі (ЕССО) арқылы тапсырылған.

2018 жыл Жарғының капиталы - 3 625 757,00 мың теңге

2019 жыл Жарғының капиталы - 4 890 206,00 мың теңге

2020 жыл Жарғының капиталы - 5 799 292,9 мың теңге

2018 жыл

Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға (есепті кезең: 2018 жыл) арналған даму жоспарлары бойынша есебі (249 есеп үлгісі) уәкілетті органның 09.02.2018 жылғы №10 бұйрығымен бекітілген. Есепке сәйкес 2018 жылда сумен жабдықтау бойынша қызметтердің көлемі - 17 770,3 мың текше метр, сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,08 мың теңге және су бұру бойынша қызметтердің көлемі 14 637,9 мың текше метр, сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,02 мың теңге жоспарланды.

2018 жылы кәсіпорынның кірістері 2 339 364,0 мың теңге жоспарланған оның ішінде: мемлекеттік тапсырыс бойынша табыстар 453 873,0 мың теңге, мемлекеттік мекемелерге өнімді сатудан табыстар 558 048,0 мың теңге, оның ішінде: өнімді өзге тұтынушыларға сатудан түсетін табыс 1 239 372,0 мың теңге, өзге табыстар 88 071,0 мың теңге. Шығыстардың жалпы сомасы 2 339 364,0 мың теңге жоспарланған, оның ішінде сатылған өнімнің құны 1 553 462,0 мың теңге, әкімшілік шығындар 137 686,0 мың теңге, сыйақылар бойынша шығындар 106 272,0 мың теңге, өзге шығындар 541 944,0 мың теңге. Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері жоспарламаған.




Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға (есепті кезең: 2018 жыл) арналған даму жоспарлары орындалу бойынша есебі (248 есеп үлгісі) уәкілетті органның 13.05.2019 жылғы №46 бұйрығымен бекітілген. Электронды есебі бірыңғай есептілік тапсыру жүйесі (ЕССО) арқылы 28.05.2019 жылы тапсырылған. Есепке сәйкес 2018 жылда сумен жабдықтау бойынша қызметтердің көлемі 18 181,8 мың текше метр орындалды (102,3%), сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,07 мың теңге (87,5%) және су бұру бойынша қызметтердің көлемі 14 050,0 мың текше метр (95,9%), сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,02 мың теңге (100%) нақты орындалды.

Есепке сәйкес 2018 жылы кәсіпорынның кірістері 1 966 816,0 мың теңге (84,1%) орындалған оның ішінде: мемлекеттік тапсырыс бойынша табыстар 0,0 мың теңге, мемлекеттік мекемелерге өнімді сатудан табыстар 596 922,0 мың теңге (95,5%), өнімді өзге тұтынушыларға сатудан түсетін табыс 1 342 003,0 мың теңге (96,7%), өзге табыстар 88 071,0 мың теңге. Шығыстардың жалпы сомасы 1 969 809,0 мың теңге (84,2%) орындалған, оның ішінде сатылған өнімнің құны 1 425 017,0 мың теңге (91,7%), әкімшілік шығындар 159 342,0 мың теңге (116,6%), сыйақылар бойынша шығындар 0,0 мың теңге, өзге шығындар 385 448,0 мың теңге (71,1%). Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері: жоспар – 1 054,5 мың теңге пайда, нақты – (-2 991,0) мың теңге залал (-283,6%).

2019 жыл

Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға (есепті кезең: 2019 жыл) арналған даму жоспарлары бойынша есебі (**249 есеп үлгісі**) уәкілетті органның 09.02.2018 жылғы №95 бұйрығымен бекітілген. Электронды есебі бірыңғай есептілік тапсыру жүйесі (ЕССО) арқылы 28.05.2018 жылы тапсырылған. Есепке сәйкес 2019 жылда сумен жабдықтау бойынша қызметтердің көлемі - 17 770,3 мың текше метр, сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,08 мың теңге және су бұру бойынша қызметтердің көлемі 14 637,9 мың текше метр, сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,02 мың теңге жоспарланды.

2019 жылы кәсіпорынның кірістері 2 201 528,0 мың теңге жоспарланған оның ішінде: мемлекеттік тапсырыс бойынша табыстар 376 677,0 мың теңге, мемлекеттік мекемелерге өнімді сатудан табыстар 594 850,4 мың теңге, өнімді өзге тұтынушыларға сатудан түсетін табыс 1 307 812,9 мың теңге, өзге табыстар 88 071,0 мың теңге. Шығыстардың жалпы сомасы 2 201 360,0 мың теңге жоспарланған, оның ішінде сатылған өнімнің құны 1 519 369,0 мың теңге, әкімшілік шығындар 105 741,0 мың теңге, сыйақылар бойынша шығындар 143 931,0 мың теңге, өзге шығындар 432 319,0 мың теңге. Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері 168,0 мың теңге пайда жоспарланған.

Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға (есепті кезең: 2019 жыл) арналған даму жоспарлары орындалу бойынша есебі (**14 есеп үлгісі**) уәкілетті органның 25.05.2020 жылғы №202-Ө бұйрығымен бекітілген. Электронды есебі www.gosreestr.kz порталы арқылы 28.05.2020 жылы тапсырылған. Есепке сәйкес 2019 жылда сумен жабдықтау бойынша қызметтердің көлемі 18 181,8 мың текше метр орындалды (102,3%), сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,07 мың теңге (87,5%) және су бұру бойынша қызметтердің көлемі 14 050,0




мың текше метр (95,9%), сатылған өнім бірлігінің өзіндік құны – 0,02 мың теңге (100%) нақты орындалды.

Есепке сәйкес 2019 жылы кәсіпорынның кірістері 2 073 825,0 мың теңге (94,2%) орындалған оның ішінде: мемлекеттік тапсырыс бойынша табыстар 0,0 мың теңге, өнімді сатудан табыстар 1 925 010,0 мың теңге (91,4%), өзге табыстар 148 815,0 мың теңге. Шығыстардың жалпы сомасы 2 419 902,0 мың теңге (109,9%) орындалған, оның ішінде сатылған өнімнің құны 2 040 569,0 мың теңге (134,3%), әкімшілік шығындар 175 193,0 мың теңге (165,7%), сыйақылар бойынша шығындар 0,0 мың теңге, өзге шығындар 204 140,0 мың теңге (47,2%). Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері: жоспар – 168,0 мың теңге пайда, нақты – (-346 077,0) мың теңге залал (-205998,2%).

2020 жыл

Кәсіпорынның 2017-2021 жылдарға (есепті кезең: 2020 жыл) арналған даму жоспарлары бойынша есебі (14 есеп үлгісі) уәкілетті органның 25.12.2019 жылғы №329-Ө бұйрығымен бекітілген. Электронды есебі www.gosreestr.kz порталы арқылы 28.05.2020 жылы тапсырылған. Есепке сәйкес 2020 жылға кәсіпорынның кірістері 2 179 967,0 мың теңге жоспарланған, оның ішінде: мемлекеттік тапсырыс бойынша табыстар 0,0 мың теңге, өнімді сатудан түсетін табыстар 1 977 854,0 мың теңге, өзге табыстар 202 113,0 мың теңге. Шығыстардың жалпы сомасы 2 163 140,0 мың теңге жоспарланған, оның ішінде сатылған өнімнің құны 1 463 771,0 мың теңге, әкімшілік шығындар 326 882,0 мың теңге, сыйақылар бойынша шығындар 0,0 мың теңге, өзге шығындар 372 487,0 мың теңге. Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері: жоспар – 16 827,0 мың теңге пайда жоспарланған.

Даму жоспарының нақты орындалуы 2020 жылдың соңында есептеледі.

Қаржы-экономикалық қызметтің негізгі көрсеткіштері

Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) және қаржылық тетік (қаржылық леверидж) әсері - қаржылық тетік (қаржылық леверидж) және қаржылық тетік (қаржылық леверидж) әсерінің есептеуінде келесі формуласы қолданылады:

Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) коэффициенті:

2018 жылы Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты -0,23 (279, 1%).

2019 жылы Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты -0,23 (279, 1%).

2020 жылы Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты –көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.

Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) әсері: $\text{ЭФР} = (1 - \text{КН}) * (\text{ROA} - \text{ЦЗК}) * \text{ФР}$

2018 жылы қаржылық тетік (қаржылық леверидж) әсері жоспары-0,0, нақты -0,23 (279, 1%).

2019 жылы қаржылық тетік (қаржылық леверидж) әсері жоспары-0,0, нақты -0,23 (279, 1%).

2020 жылы Қаржылық тетік (қаржылық леверидж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты –көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.




2018 жылы EBITDA көрсеткішінің жоспары- 274 674,0 мың теңге. 2018 жылы EBITDA көрсеткішінің нақты орындалғаны – 330 794,0 мың теңге (120,4%).

2019 жылы EBITDA көрсеткішінің жоспары- 274 674,0 мың теңге. 2019 жылы EBITDA көрсеткішінің нақты орындалғаны – 330 794,0 мың теңге (120,4%).

2020 жылы EBITDA көрсеткішінің жоспары- 274 674,0 мың теңге. 2020 жылы EBITDA көрсеткішінің нақты орындалғаны – көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.

Мемлекеттік тапсырыс аясында бюджет есебінен түскен табыстар

2018 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсан аралығы

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

458-012 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеу» бюджеттік бағдарламасы 015 кіші бағдарламасы 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша сомасы **207 533,0 мың теңге** (жоспарланғаны 207 533,0 мың теңге, игерілгені 207 533,0 мың теңге) «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі «Тапсырыс беруші») қызметтер көрсеткен, оның ішінде:

«Тараз қаласы «Байтерек» мөлтек ауданы, «Солнечный» кентіндегі мен «Ана мен бала» мекемесінің маңындағы және «Аскаров» көшесі соңында орналасқан кәріз сораб стансасына техникалық қызмет көрсету жұмыстары» бойынша жалпы сомасы 124 153,0 мың теңгеге 2018 жылдың 19 қаңтарда тапсырыс берушімен №13 келісім шарты жасалған.

«Қала фонтандарына күтіп ұстау және қызмет көрсету» бойынша сомасы 76 733,0 мың теңгеге тапсырыс берушімен 2018 жылы 26 сәуірде №76 келісім шарты жасаған.

«Өрт гидрантын орнату» бойынша сомасы 4 000,0 мың теңгеге тапсырыс берушімен 2018 жылы 12 желтоқсанда №216 келісім шарты жасаған.

«Кәріз люктерді сатып алу» сомасы 2 667,0 мың теңгеге тапсырыс берушімен 2018 жылы 12 желтоқсанда №217 келісім шарты жасаған.

065 «Занды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы бойынша сомасы **188 408,0 мың теңге** (жоспарланғаны 188 408,0 мың теңге, игерілгені 188 408,0 мың теңге) оның ішінде:

«Тараз су» МКК сумен жабдықтау және кәріз жүйелері үшін мамандандырылған техника мен автомашиналар сатып алу». Тараз қаласы әкімдігінің 02.04.2017 жылғы №557 қаулысы және «Тараз әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» «ҰК» АҚ-ның 13.04.2017 ж. №6 экономикалық сараптама қорытындысы негізінде сомасы 82 80,2 мың теңге 9 бірлік арнайы техника сатып алынған.

«Тараз қаласының қант зауыты ауданындағы Дальняя, Нұрпейісов, Краснознаменская, Шуйская, Бурненская, Ассинская көшелері, Құрманғазы тұйық көшесі, Шмидт бойынша су құбыры желілерінің құрылысы». Тараз




қаласы әкімдігінің 02.04.2017 жылғы №558 қаулысы. Мемлекеттік сараптама 28.10.2015 жылы №08-0335/15 қорытындысы. «Тараз әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» «ҰК» АҚ-ның 13.04.2017 ж. №5 экономикалық сараптама қорытындысы негізінде 105 606,0 мың теңгеге 17,294 км су құбыры желілерінің құрылысы жасалынды.

Жоспарланған кірістен жоспарлық шығыстың артқаны, сондай-ақ жоспарланған шығыстан нақты шығыстың артқан жағдайлары анықталған жоқ.

2019 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсан аралығы

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

458-012 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеу» бюджеттік бағдарламасы 015 кіші бағдарламасы 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша сомасы **190 000,0 мың теңге** (жоспарланғаны 190 000,0 мың теңге, игерілгені 190 000,0 мың теңге) «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі «Тапсырыс беруші») қызметтер көрсеткен, оның ішінде:

«Тараз қаласы «Байтерек» мөлтек ауданы, «Солнечный» кентіндегі мен «Ана мен бала» мекемесінің маңындағы және «Аскаров» көшесі соңында орналасқан кәріз сораб стансасына техникалық қызмет көрсету жұмыстары» бойынша жалпы сомасы 110 000,0 мың теңгеге 2019 жылдың 22 қаңтарда тапсырыс берушімен №18 келісім шарты жасалған.

«Қала фонтандарына күтіп ұстау және қызмет көрсету» бойынша сомасы 80 000,0 мың теңгеге тапсырыс берушімен 2019 жылы 14 наурызда №54 келісім шарты жасаған.

065 «Занды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту» бюджеттік бағдарламасы бойынша сомасы 150 000,0 мың теңге (жоспарланғаны 150 000,0 мың теңге, игерілгені 150 000,0 мың теңге) оның ішінде:

«Дальная Қарасу массивінің Молдарбеков көшесі, 2-Молдарбеков тұйық көшесі, Центральная көшесі, 1-Центральный тұйық көшесі бойындағы су құбыры желілерінің құрылысы» Тараз қаласы әкімдігінің 15.05.2019 жылғы №1530 қаулысы, "Норматив Плюс" ЖШС-ның 25.12.2018 ж. №НП-0059/18 сараптамалық қорытынды. «Жобаларға сараптама жүргізу орталығы» ЖШС-ның 26.04.2019 ж. №16 ҚЭН-ге экономикалық сараптаманың қорытындысы негізінде 10,912 км су құбыры желілерінің күрделі жөндеу жүргізілді.

Жоспарланған кірістен жоспарлық шығыстың артқаны, сондай-ақ жоспарланған шығыстан нақты шығыстың артқан жағдайлары анықталған жоқ.

2020 жылдың 1 қаңтары мен 30 қыркүйек аралығы

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен

458-012 «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеу» бюджеттік бағдарламасы 015 кіші бағдарламасы 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша сомасы **37 936,7 мың теңге** (жоспарланғаны 37 936,7 мың теңге, игерілгені 37 936,7 мың теңге) «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі «Тапсырыс беруші») қызметтер көрсеткен, оның ішінде:




«Тараз қаласы «Байтерек» мөлтек ауданы, «Солнечный» кентіндегі мен «Ана мен бала» мекемесінің маңындағы және «Аскаров» көшесі соңында орналасқан кәріз сораб стансасына техникалық қызмет көрсету жұмыстары» бойынша жалпы сомасы 18 333,3 мың теңгеге 2020 жылдың 06 ақпанда тапсырыс берушімен №31 келісім шарты жасалған.

«Қала фонтандарына күтіп ұстау және қызмет көрсету» бойынша сомасы 18 499,9 мың теңгеге тапсырыс берушімен 2019 жылы 14 наурызда №54 келісім шарты жасаған.

«Тараз қаласының блоkpостарында орналасқан биодәретханалардан сарқынды суларды сору және жою» бойынша жалпы сомасы 1 103,5 мың теңгеге 2020 жылдың 17 сәуірде тапсырыс берушімен №81 келісім шарты жасалған.

Бағдарлама «Мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің, даму жоспарларының орындалу нәтижелерінің тиімділігі» мәселесі тексерілді.

3. Еңбек ресурстарын бағалау тиімділігі

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 138-бабы, 2-тармақшасына сәйкес еңбекке ақы төлеу қоры Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жылда бекітеді.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының 138-бабы, 3-тармақшасына сәйкес кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі белгілейді.

Кәсіпорында 2018 жылы штаттық кесте бойынша 678 бірлік қарастырылған, оның ішінде әкімшілік және басқару персоналы 47 бірлік, өндірістік персоналы 631 бірлік. Еңбекақы қоры 924 855,0 мың теңгені бекітілген, оның ішінде әкімшілік және басқару персоналының еңбекақы қоры 98 601,0 мың теңге, өндірістік персоналының еңбек ақы қоры 826 254,0 мың теңге. 2018 жылға еңбекақы қорының нақты орындалуы 800 852,7 мың теңгені құрады.

Кәсіпорында 2019 жылы штаттық кесте бойынша 695 бірлік қарастырылған, оның ішінде әкімшілік және басқару персоналы 63 бірлік, өндірістік персоналы 632 бірлік. Еңбекақы қоры 1 016 690,0 мың теңгені бекітілген, оның ішінде әкімшілік және басқару персоналының еңбекақы қоры 141 464,0 мың теңге, өндірістік персоналының еңбек ақы қоры 875 226,0 мың теңге. 2019 жылға еңбекақы қорының нақты орындалуы 900 787,0 мың теңгені құрады.

2020 жылғы қаңтар – қыркүйек аралығындағы кәсіпорында 2020 жылы штаттық кесте бойынша 609 бірлік қарастырылған, оның ішінде әкімшілік және басқару персоналы 45 бірлік, өндірістік персоналы 564 бірлік. Еңбеккақы қоры 919 850,0 мың теңгені бекітілген, оның ішінде әкімшілік және басқару




персоналының еңбекақы қоры 104 000,0 мың теңге, өндірістік персоналының еңбек ақы қоры 815 850,0 мың теңге. 2020 жылғы қаңтар – қазан аралығындағы еңбекақы қорының нақты орындалуы 666 007,0 мың теңгені құрады.

Кәсіпорын қызметкерлері 2 санатқа бөлінеді: қызметкерлер мен жұмысшылар. Қызметкерлер басшыларға, мамандарға және қызметкерлерге бөлінеді. Жұмысшылар негізгі өндіріс, көмекші және қызмет көрсететін жұмысшылар болып бөлінеді.

Кәсіпорын қызметкерлері 3 түрге бөлінеді: әкімшілік, өндірістік және қызмет көрсету.

Әкімшілік персонал басшыларға, мамандарға және қызметкерлерге бөлінеді.

Әкімшілік персонал қызметкерлеріне: басшылар, бас бухгалтер, бас экономист, ӨТБ бастығы, күрделі құрылыс бастығы, ОК бастығы, заң бөлімінің бастығы, МТҚБ бастығы, ЕҚ және ҚТ бастығы, бухгалтерлер, экономистер, заңгерлер, шаруашылық меңгерушілері, ӨТБ қызметкерлері, материалдық – техникалық жабдықтау бөлімінің қызметкерлері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерлер, инженерлер мен кадрлар жөніндегі инспекторлар, әкімшілік - шаруашылық қызметінің мамандары жатады.

Өндірістік персонал басшыларға, мамандарға, қызметкерлер мен жұмысшыларға бөлінеді.

Өндіріс персоналы өндіріс түрлері бойынша негізгі және қосалқы өндіріске бөлінеді. Негізгі өндіріс қызметкерлеріне мынадай өндірістік учаскелердің барлық қызметкерлері жатады: су тарту учаскесі (№1 учаске), су құбыры учаскесі (№2 учаске), күрделі құрылыс және негізгі қорларды жаңарту учаскесі, кәріз учаскесі (№3 учаске), сүзу алаңдарына қызмет көрсету жөніндегі учаске, орталық диспетчерлік қызмет.

Қосалқы өндіріс жұмысшылары Басшыларға, мамандарға, қызметкерлерге және жұмысшыларға бөлінеді. Қосалқы өндіріс қызметкерлеріне мынадай учаскелердің барлық қызметкерлері жатады: автокөлік учаскесі, зертхана, Энергетика учаскесі, Су өлшеу учаскесі, диспетчерлік-технологиялық басқару қызметі (ДТБҚ).

Қызмет көрсететін жұмысшылар Басшыларға, мамандарға, қызметкерлер мен жұмысшыларға бөлінеді. Қызмет көрсету персоналының қызметкерлеріне Заңды және жеке тұлғалармен жұмыс істеу жөніндегі абоненттік бөлімдердің барлық қызметкерлері, қоймашы, машиналар мен механизмдерді жөндеу жөніндегі слесарлар, әкімшілік персонал орналасқан қызметтік үй-жайларды жинаушылар, әкімшілік үй-жайларды күзету қызметкерлері және өнімді өткізу және қызмет көрсету процесін қамтамасыз ететін барлық басқа қызметкерлер жатады.

Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" КММ бекіткен "Жамбыл су" МКК қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру туралы Ережеге сәйкес төленеді. Кәсіпорын қызметкерлеріне




еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру туралы ережеде тарифтік коэффициенттері бар 18 разрядты тарифтік кесте қарастырылған.

Жұмыс түрлерінің біліктілік талаптары мен күрделілігі Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) және басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілердің біліктілік анықтамалығы (БТБА) негізінде белгіленеді.

01.01.2018 жылға - 640 адамды, 01.01.2019 жылға - 634 адамды, 01.10.2020 жылға кәсіпорын бойынша тізімдік саны 603 адамды құрады. Төмендегі кестеде 2018, 2019 және 9 жылдың 2020 айларындағы жалақы, жалақы қоры және орташа жалақы, кадрлардың тұрақтамауы туралы ақпарат берілген.

№	Атауы	2018ж - факт			2019ж - факт			9 ай 2020ж - факт			2018ж Жалақының өсуі
		Саны, адам	ЕТҚ (Еңбекақы төлеу қоры), мың теңге	Орташа жалақы, теңге	Саны, адам	ЕТҚ (Еңбекақы төлеу қоры), мың теңге	Орташа жалақы, теңге	Саны, адам	ЕТҚ (Еңбекақы төлеу қоры), мың теңге	Орташа жалақы, теңге	
1	ӘБП (әкімшілік-басқару персоналы)	54	104 396	161 104,9	56	120 422	179 199	45	77 031	190 200	118,1
2	Абоненттік бөлім	101	95 397,7	78 711	101	109 291	90 174	101	84 427	92 879	118,0
3	Негізгі өндіріс	485	601 059	103 274,7	477	671 074	117 239	457	504 549	122 671,8	118,8
4	Барлығы:	640	800 852,7	104 277,7	634	900 787	118 400	603	666 007	122 721	117,7
5	Қабылданды	59			62			73			
6	Босатылды	57			68			104			
7	Кадрлардың тұрақтамауы, %	8,9			10,7			17,2			

Кестеге сәйкес, қызметкерлер саны 2018 жылмен салыстырғанда 37 адамға азайды. Орташа жалақы 2018 жылы 104,2 мың теңгеден 2020 жылы 122,7 теңгеге өсуі себебінен еңбекақы төлеу қоры өсуде. Бірақ сонымен бірге кадрлардың тұрақтамауы өсуде. 2018 жылы - 8,9% болса, 2019 жылы -10,7%, 2020 жылы 9 ай ішінде -17,2%.

01.01.2018 жылы жағдай бойынша кәсіпорында жалақы бойынша 49 032,7 мың теңге кредиторлық берешек қалыптасқан, 01.01.2019 жылына кәсіпорында жалақы бойынша 50 104,3 мың теңге кредиторлық берешек қалыптасқан, 01.01.2020 жылына кәсіпорында жалақы бойынша 60 268,5 мың теңге, ал 01.09.2020 жылына 52 147,5 мың теңгеге кредиторлық берешек қалыптасқан.

4-Тармақ. Кәсіпорын 2016-2020 жылдарға арналған ұжымдық шарттағы 2-тарауының 2.3-тармағында көзделген жалақыны төлеу мерзімдерін сақтамаған, іріктеу әдісімен тексеру барысында 2019 жылғы қараша айындағы жалақы 5 123,8 мың теңге 2019 жылдың 18 желтоқсанында төленгені және 2019 жылғы ақпан айындағы жалақы 3 597,4 мың теңге 2019 жылдың 18 наурызында төленгені анықталды.

Қызмет көрсету тарифтерінің тежеу нәтижесінде, қызметтерге мемлекеттік тапсырыс төмендеуіне (қалалық субұру қақтар мен кәріздік сорғы станцияларына) кәсіпорын қызметкерлердің нақты санын азайтуға мәжбүр. Алайда бұл шаралар технологиялық процеске және тиісінше кәсіпорынның кірісіне кер әсер етеді.

Кәсіпорынның персоналының көбеюі негізгі себептері:

- су құбыры және кәріз желілері мен құрылыстарының ұзындығын 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін су құбыры-кәріз желілері объектілерінің теңгеріміне қабылдануына байланысты тиісінше 122,76 км және 5,56 км ұлғаюы;

- кәсіпорын балансына өз қаражаты есебінен қалпына келтірілген 14 ұңғыманы қабылдауға байланысты су тарту ұңғымаларының санын 85 - тен 97 - ге дейін ұлғайтылды, оның ішінде 2 - Балуан Шолақ көшесінде (Май тоғайы), 3 – Сахпоселок ауданында, 4 - Почтовая сорғы станциясында, 2 - Гидрокешен ауданында, 1-Чехов көшесінде, 1-Исатай көшесінде орналасқан.

- ағынды суларды қалалық кәріз желісіне ағызуды реттеу үшін қажетті өз қаражаты есебінен ағызу станциясын қалпына келтіруі.

- Дүкенұлы көшесі, 229 мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы ауданы 1393,3 м2 кәсіпорын зертханасына арналған объектіні қайта жаңарту және кәсіпорын теңгеріміне қабылдауы.

- сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін тұтынушылар саны өсуі.

Бағдарлама «Еңбек ресурстарын бағалау тиімділігі» мәселесі тексерілді.

11. Аудитпен қамтылған сұрақтар бойынша тұжырымдама

Мемлекеттік аудит екі базалық көрсеткіштері «Тиімділік», «Нәтижелілік» және арнайы «Мемлекеттік кәсіпорын қызметі бағыты бойынша атқарылған жұмыстар және қызметін бағалау индикаторлары көрсеткіштерінің орындалуы», «Мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің, даму жоспарларының орындалу нәтижелері», «Еңбек ресурстарын бағалау тиімділігі» сұрақтары бойынша жүргізілді.

Мемлекеттік аудит «Тиімділік» көрсеткіші бойынша:

«Сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуы»

2018 жылы жоспар: республикалық – 57%, облыстық- 57%, кәсіпорын бойынша нақты орындалуы -71,0% .

2019 жылы жоспар республикалық – 57%, облыстық- 57%, кәсіпорын бойынша нақты орындалуы -71,0% .

2018, 2019 жылдарда «Сумен жабдықтау, су бұру желілерінің тозуы» көрсеткіші орындалмаған.

«Уәкілетті органның өтемдік тарифті қолдануы»

2018 жыл – 2 рет

2019 жыл- 1 рет

2020 жыл – 1 рет

Мемлекеттік аудит «Нәтижелілік» көрсеткіші бойынша:

«Өндірістік-қаржылық қызметтің нәтижелері»:




2018 жылы шығын – 396,217 мың теңге

2019 жылы шығын – 715,650 мың теңге

«Кредиторлық қарыздың 200 000,0 мың теңгеден жоғары болуы»

2018 жылы – кредиторлық қарызы 678 817,0 мың теңге

2019 жылы – кредиторлық қарызы 785 504,0 мың теңге

2020 жылы - көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.

01.10.2020 жылы – кредиторлық қарызы 678 817,0 мың теңге

«Қаржылық тетік (қаржылық левиридж) коэффициенті»:

2018 жылы Қаржылық тетік (қаржылық левиридж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты -0,23 (279, 1%).

2019 жылы Қаржылық тетік (қаржылық левиридж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты -0,23 (279, 1%).

2020 жылы Қаржылық тетік (қаржылық левиридж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты –көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.

«Қаржылық тетік (қаржылық левиридж) әсері»:

2018 жылы қаржылық тетік (қаржылық левиридж) әсері жоспары-0,0, нақты -0,23 (279, 1%).

2019 жылы қаржылық тетік (қаржылық левиридж) әсері жоспары-0,0, нақты -0,23 (279, 1%).

2020 жылы Қаржылық тетік (қаржылық левиридж) коэффициентінің жоспары-0,08, нақты –көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.

«EBITDA көрсеткіші»:

2018 жылы EBITDA көрсеткішінің жоспары- 274 674,0 мың теңге. 2018 жылы EBITDA көрсеткішінің нақты орындалғаны – 330 794,0 мың теңге (120,4%).

2019 жылы EBITDA көрсеткішінің жоспары- 274 674,0 мың теңге. 2019 жылы EBITDA көрсеткішінің нақты орындалғаны – 330 794,0 мың теңге (120,4%).

2020 жылы EBITDA көрсеткішінің жоспары- 274 674,0 мың теңге. 2020 жылы EBITDA көрсеткішінің нақты орындалғаны – көрсеткіш жылдың соңында есептеледі.

11. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер: кедергі жасау фактілері туралы мәліметтер жоқ.

12. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар:

Функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар лауазымды тұлғалардан жазбаша түсініктемелер алынды.

Аудиторлық есеп екі (үш) данада жасалды.

Қосымша: __ парақта.

1) ішкі мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпаратты, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап;

2) ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер тізілімі;

- 3) 2018 жылдың 249 нысанының қосымшалары;
- 4) 2019 жылдың 249 нысанының қосымшалары;
- 5) функционалдық және лауазымдық міндеттері негізінде жіберілген бұзушылықтарға қатысы бар тұлғалардың жазбаша түсініктемелері.

Жамбыл облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметі

Бас инспектор - мемлекеттік аудитор



Р.Иргебаева

**«Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық,
жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жамбыл су»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны**

Директор



М. Смаилов

Аудиторлық есепті танысуға алған күн:
2020 жыл «24» қараша

Директор



М.Смаилов

Қарсылықтардың бар екені туралы белгі: _____